

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті

№ 260 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

«Астана-Финанс» Банк» акционерлік қоғамының жеке тұлғалардың депозиттері бойынша активтері мен міндеттемелерінің толық мөлшерде «AsiaCredit Bank (Азия Кредит Банк)» акционерлік қоғамына бір мезгілде беру жөніндегі операцияны келісу туралы»

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу мен жүргізу бөлігінде «Астана-Финанс» Банк» акционерлік қоғамына банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айыру туралы» 2011 жылғы 01 шілдедегі № 79 қаулысымен (бұдан әрі - № 79 Қаулы) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу мен жүргізу бөлігінде «Астана-Финанс» Банк» (бұдан әрі – Банк) акционерлік қоғамына банктер ұлттық және шетел валютасында жүзеге асыратын банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айырылды.

Банк № 79 Қаулысының талаптарына сәйкес жеке тұлғалардың депозиттерін, ағымдағы шоттарын қоса алғанда қайтару не оларды банк заңнамасының талаптарына сәйкес екінші банкке беру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Банк және «AsiaCredit Bank (Азия Кредит Банк)» (бұдан әрі - Азия Кредит Банк) Комитетке тиісті құжаттар пакетін қоса бере отырып, Банктің жеке тұлғалардың депозиттері бойынша міндеттемелерін Азия Кредит Банкке бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүзеге асыруды келісу туралы бірлесіп өтініш жасады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар пакетін қарау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті Төрағасының ««Астана-Финанс» Банк» акционерлік қоғамының жеке тұлғалардың депозиттері бойынша активтері мен міндеттемелерінің толық мөлшерде «AsiaCredit Bank (Азия Кредит Банк)» акционерлік қоғамына бір мезгілде беру жөніндегі операцияны келісу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 101 бұйрығы шығарылды.

Салымшылардың қарсылықтарын білдіру мерзімін және қабылданатын мекенжайын көрсете отырып, Азия Кредит Банкке жеке тұлғалардың, ағымдағы шоттарын қоса алғанда депозиттерін беру туралы хабарландыруды Банк Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мемлекеттік және орыс тілдерінде мерзімді баспа басылымдарында жарияланды.

Хабарландыру жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Банк депозиторлардың жазбаша қарсылықтарының болмауын Банк Азия Кредит Банкке депозиттерді беруге депозитордың келісімі ретінде қарауға тиіс.

Банк хабарландыру жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін жеке тұлғалардың, ағымдағы шоттарын қоса алғанда депозиттерін беруді жүзеге асыруға құқылы.

Сонымен бірге, Банктің жоғарыда көрсетілген лицензиясынан айырылғанына қарамастан, салымшылары өз ақшаларын толық көлемде алуға ниет білдіретін екінші банкке беру арқылы салымшылардың депозиттері сақталады.